



Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары

Келісілді:

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі

Л.Тәмпішева

2021 жылғы 22 қазандағы №1

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы

2024 жылғы 02 қыркүйек

Төрағасы А.Қожабеков

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК Қамқоршылық кеңесі қызметінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Жұмыстың мазмұны	мерзімі	Жауапты
1	1.«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК 2024-2025 оқу жылына қамқоршылық кеңесі құрамы 3.2024-2025 оқу жылына қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.	Қазан 2024 ж.	Меңгеруші Қамқоршылық кеңестің төрағасы
2	1.Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің қызметін жетілдіру бойынша мәселелерді талқылау. 2.Отбасылық тұрмысы нашар, толық емес және көп балалы отбасылармен алдын ала жұмыс.Көмек қажет ететін отбасылардың өтініштері туралы.	Қараша 2024ж.	Меңгеруші Қамқоршылық кеңестің төрағасы
3	1.Тәрбиеленушілердің ас қабылдау мәдениетінің негіздерін,салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау. 2. «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК жайларын жанашырлық мерекелерге дайындауға көмек беруді ұйымдастыру (тоңтар мен аумақтарды безендіру үшін материалдар сатып алу)	Желтоқсан 2024	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, мүшелері
4	1.2024-2025 оқу жылының қыс мерзімдерінде жұмысқа дайындық туралы 2.Мекеме аумағындағы қарды тазалауға және шығаруға көмек көрсету	Қаңтар 2025 ж	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, мүшелері
5	1.Бюджеттік емес қаржыларды қолдану тәртібінің бағаттарын анықтау 2.Түскен қаржы қаражаттары бойынша есеп(демеушілік көмек,қайырымдылық)	Наурыз 2025 ж	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, мүшелері
6	1.Балаларды жаңғы сауықтыруына дайындық туралы.Балалар учаскесіне құралдар сатып алу 2.Ойын құралдарын жөндеу және сырлау,учаскелерді қоғамдандыру 3.Балабақшалары тамақтануды ұйымдастыру енасына бақылау жасаудың қортындысы.	Мамыр 2025 ж	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, мүшелері

7	1.2024-2025 оқу жылының қамқоршылық кеңесінің жұмысының қортындысын шығару 2.Тәрбиленушілердің жаңғы сауықтыру науқанын ұйымдастыру жайлы есеп	Тамыз 2025ж	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, мүшелері
---	--	----------------	---

Қамқоршылық кеңесінің отырысының

№1 хаттамасы

Өткізген күні: 17 қыркүйек 2024 жыл

Қатысқандар: 9

I.Күн тәртібі:

1.Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде 2024-2025 оқу жылында отбасылық тұрмысы нашар, толық емес және көп балалы отбасылардың балалаларын тегін тамақпен қамту .Көмек қажет ететін отбасылардың өтініштері туралы.

II.Тыңдалды:

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК меңгерушісі Л.Тәмпішева: -ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысы негізінде 2024 жылдың 3 тоқсаны бойынша отбасылық тұрмысы нашар, толық емес және көп балалы отбасылармен алдын ала жұмыс жүргізілгенін хабарлады.

2024 жылдың қыркүйек айында ағымдағы оқу жылы бойынша көмек қажет ететін отбасылардың өтініштері туралы айтты. Атаулы әлеуметтік көмек алатын ата-аналар тізімі,күн көрісі төмен отбасы балалары және алқалы басқару органына тізім жасақталғанын (барлығы 17 тәрбиеленуші) ,олардың өтініштері мен атаулы әлеуметтік көмек алатындығы жөнінде анықтамалары алынғанын айтты.

III.Сөйлеушілер:

1.Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.Қожабеков, кәсіпкер: - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысы негізінде 2024-2025 оқу жылында отбасылық тұрмысы нашар, толық емес және көп балалы отбасылармен алдын ала жұмыс жасалып жатыр.Көмек қажет ететін отбасылардың өтініштерін қанағаттандыру қажет деп есептеймін.Биылғы оқу жылындағы атаулы әлеуметтік көмек алатын ата-аналар тізімі бойынша ,олардың өтініштері мен атаулы әлеуметтік көмек алатындығы жөнінде анықтамалары негізінде ата-аналардың телемақысының 100 % бекітілген бюджет есебінен төлеу керек. «Күміс алқа» иегері Серікова Данагүлдің 3 баласы мектепте ,3 баласы балабақша жасында.Өзі ақылы қоғамда тіркелген.Ауылдағы отбасы жағдайларын бақылап,қарап отырмыз.

2.Қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.Есіркепова ауылдық кітапхана меңгерушісі: - Отбасылық тұрмысы нашар, толық емес және көп балалы отбасыларға көмек қажет ететін отбасыларға қолдау көрсету керек екенін,балалардың оқу-білімге деген ынтасын жақсартуда үлкен көмек екенін айтты.

3.Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Т.Жұбанышов:

-Аймұратов Сырлыбек,Ибрагимов Қайыржан,Шүлтіков Ерболат,Шүлтіков Тұрсынбек,Қоңқақов Орынбек,яғни тізімдегі отбасылардың әлеуметтік жағдайларын білеміз.Барлығына келісемін.

4.Қамқоршылық кеңесінің мүшесі К.Сәтбай,кәсіпкер: – Жоғарыдағы айтылған балалардың жағдайын білемін, келісемін, балаларды үнемі қолдап, қамқорлық көрсету мақсатында жасалып жатқан жұмыстарды жақсы деп бағалаймын.

IV.Шешім:

1. «Айгөлек» бөбекжай-бақшасындағы 2024-2025оқу жылында отбасылық тұрмысы нашар, толық емес және көп балалы отбасылардың балалаларын (барлығы 17 тәрбиеленуші) тегін тамақпен қамтылып, көмек қажет ететін отбасылардың өтініштері қанағаттандырылсын.


V.Дауыс беру қортындысы:

Жақтаушылар: 9

Қарсылар: 0

Қалыс қалушылар: 0

Жиналыс төрағасы:  - А.Қожабеков

Хатшы:  - Ш.Жайманова

№1 ХАТТАМАСЫ

«8» қараша 2024 жыл

Құтикөл ауылы

Өткізілген орны: Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Құтикөл ауылы.

Өткізілген уақыты: сағат 11⁰⁰

Қатысқандар: ата-аналар комитеті төрағасы Э.Ақашова, қамқоршылық кеңесі төрағасы А.Қожабеков, тәрбиеші, қызметкерлер.

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі ұйымдағы тамақтанудың жағдайы туралы

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы ата-аналар комитетінің төрайымы Э.Ақашова балаларды тамақтандырудағы жұмыстарды қарап, қойманың, мұздатқыштардың, тоңазтқыштардың, яғни жалпы ас бөлімінің жұмысы, жағдай туралы баяндады, меңгерушісі Л.Тәмпішева шығып сөйлеп, балалардың денсаулығын сақтау, өмірінің маңызды бөлігі - тамақтануда санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауда бөбекжай-бақша медбикесі мен шаруашылық меңгерушісінің жауапкершілікпен жұмыс жасайтындығын айтты.

Сөйлеушілер:

1. Л.Тұрманбетова – шаруашылық меңгерушісі:

- «Айгөлек» бөбекжай-бақшасында тамақтану жүйелі жолға қойылған. Ас қоймасы, асхана тазалығы, жалпы жағдайын өз тарапымнан күнде қадағалап отырамын. Тамақты сатып алуға ауыл кәсіпкері К.Сәтбаймен келісім шарт жасалып, сол негізде тамақтар бөбекжай-бақшаға жеткізіледі.

2. Қ.Әбдіғаппар-медбике:

- «Айгөлек» бөбекжай-бақшасында тамақтанудағы ас мәзірін дайындаймын. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақталуын қадағалаймын. Күнделікті тамақтан тәуліктік мөлшері арнайы ыдысқа салынып, тоңазтқышта сақталады. Аспаздардың денсаулығын күн сайын бақылап отырамын. Қоймадағы тамақтар уақытылы жеткізіліп, сақталады. Тамақтардың сертификат, анықтамалары уақытылы алынып, сақталады. Тамақтануды ережелерге сай ұйымдастырылуда.

3. А.Қожабеков – қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

- Комиссия мүшелерімен бірге тамақтанудың жағдайын қарап шықтық. Асхананың тазалығы, астың дайындалу процестерін көрдік. Асханаға құрал-жабдықтар жетіспейді. Ас күнделікті ас мәзірімен дайындалып, берілуде. Тамақтануды жақсы деңгейде ұйымдастырған.

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасындағы бракераждық комиссия отырысы

Қаулы етеді:

1. «Айгөлек» бөбекжай-бақшасында балаларды тамақтандыру жағдайы «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:



Э.Ақашова

Ш.Жайманова

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК-ның қамқоршылық кеңесі отырысының

№ 1 хаттамасы

Өткізілген күні:

20.12.2024ж

Қатысушылар:

1. Тәрбиеленушілердің ас қабылдау мәдениетінің негіздерін, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау.
2. «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК жайларын жанажылдық мерекелерге дайындауға көмек беруді ұйымдастыру (топтар мен аумақтарды безендіру үшін материалдар сатып алу)

Күн тәртібінде:

3. Тәрбиеленушілердің ас қабылдау мәдениетінің негіздерін, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау.
4. «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК жайларын жанажылдық мерекелерге дайындауға көмек беруді ұйымдастыру (топтар мен аумақтарды безендіру үшін материалдар сатып алу)

Тыңдалды:

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі: Л.Тәмпішева

Тәрбиеленушілердің ас қабылдау мәдениетінің негіздерін, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау туралы.

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК жайларын жанажылдық мерекелерге дайындауға көмек беруді ұйымдастыру (топтар мен аумақтарды безендіру үшін материалдар сатып алу) мәселелері туралы тыңдалды.

Шығып сөйлеушілер:

Күтикөл ауылдық жастар кеңесінің төрағасы: Е.Сағынаев

Тәрбиеленушілердің ас қабылдау мәдениетінің негіздерін, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасауға келісемін. Балабақшадан балалар толыққанды тәрбиеленіп шығу үшін, жағдайлар жасалу керек деп ойлаймын.

Ауылдық кітапхана меңгерушісі; мүшесі Есіркепова Айымгүл

«Саламатсыздарма «Айгөлек» бөбекжай-бақшасының ұжымы!

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК жайларын жанажылдық мерекелерге дайындауға көмек беруді ұйымдастыру (топтар мен аумақтарды безендіру үшін материалдар сатып алу) туралы мәселелерді қолдаймын. Балабақшамыз гүлдене берсін, көркейе берсін.

Шешімі:

1. Тәрбиеленушілердің ас қабылдау мәдениетінің негіздерін, салауатты өмір саятқан қалыптастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау қабылданысқан.
2. «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК жайыарын жанажылдык мерекелерге дайындауга көмек беруді ұйымдастыру (топтар мен аумақтарды белендіру үшін материалдар сатып алу) жұмыстары жүргізілсін.

Төрайымы: *Данд* Д.Тәмпішева

Хатшы: *Данд* А.Дауылбай

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК-ның қамқоршылық кеңесі отырысының

№ 1 хаттамасы

Откізілген күні:

29.01.2025ж

Қатысушылар:

1. «Айгөлек» бөбекжай-бақшасының педагогикалық ұжымы.
2. Қамқоршылық кеңес төрайымы, орынбасары, мүшелері.

Күн тәртібінде:

1. 2024-2025 оқу жылының қыс мерзімдеріне дайындығы туралы.
2. Мекеме аумағындағы қарды тазалауға және шығаруға көмек көрсету.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз алған балабақша меңгерушісі Л. Тәмпішова қамқоршылық кеңес қызметінің мақсаттарын айтып өтті. Қамқоршылық кеңесі білім беру ұйымының алкалы басқару нысанының бірі болып табылатындығын, өз қызметінде білім беру ұйымының жарғысын басшылыққа алатынын және Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар кеңесімен, жергілікті атқарушы органдармен өзара қарым-қатынаста болатынын атап айтты. Биылғы 2024-2025 оқу жылының қыс мерзімдеріне дайындығы туралы жағдай қалыпты.

Шығып сөйлеушілер:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы; Л.Тәмпішова
«Саламатсыздар ма құрметті ұжым мүшелері.

2024-2025 оқу жылының қыс мерзімдеріне жұмыстар атқарылып жатыр. Барлық қызметкерлерге тапсырмалар берілді.

2. Ауылдық кітапхана меңгерушісі; мүшесі Есіркепова Айымгүл
« Саламатсыздарма «Айгөлек» бөбекжай-бақшасының ұжымы!

Бұл жақсы, кеңес мүшелері де толық келіседі деп ойлаймын. Балабақшамыз гүлдене берсін, көркейе берсін. Балабақшамыздың тазалығы барлығымызға ортақ. Сондықтан балабақша аумағындағы қарларды тазалауға көмектесемін.

6. Аманкөл ауылдық амбулаториясы медбикесі; мүшесі Темірбаева Бибігүл
Мен ешқандай қарсылығым жоқ. Балабақша гүлденіп, көркейе берсін.

Шешімі:

1. 2024-2025 оқу жылының қыс мерзімдеріне дайындығы
« қанағаттанарлық» деп қабылдансын.
2. Мекеме аумағындағы қарды тазалауға және шығаруға көмек жолға
қойылсын.

Торайымы: *Торайы Д.Төмпишева*

Хатшы: *208* А.Дуылбай

№ 1 хаттамасы

Откізілген күні:

26.03.2025ж

Қатысушылар:

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасының педагогикалық ұжымы.
Қамқоршылық кеңес төрайымы, орынбасары, мүшелері.

Күн тәртібінде:

1. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларына төлемақы төленуі, мәліметтерінің жинақталуы.
2. Түскен қаржы қаражаттары бойынша есеп демеушілік көмек, қайырымдылық.
3. «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы ғимаратына жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмысының жайы.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз алған қамқоршылық кеңес мүшесі **Есіркепова Айымгүл** атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларына төлемақы төленуі, мәліметтерінің жинақталуы туралы пікір айтты. Бұл отбасыларға еш қарсылығымыз жоқ.

Шығып сөйлеушілер:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы; **Л.Тәмпішева**
«Саламатсыздар ма құрметті ұжым мүшелері.

Бұл отбасыларды барлығымызда білеміз, танимыз, менің ешқандай қарсылығым жоқ, келісемін.

2. Қамқоршылық кеңес мүшесі: **Бөлекбаев Назар**

« Саламатсыздарма «Айгөлек» бөбекжай-бақшасының ұжымы!

Бұл жақсы, кеңес мүшелері де толық келіседі деп ойлаймын. Балабақшамыз гүлдене берсін, көркейе берсін. Досжанұлы Хантөрені ата –анасының арызы бойынша тегін тамақтануға келісемін.

3. Қамқоршылық кеңес мүшесі: **Сағынаев Еділ**

Мен аталған барлық отбасыға келісемін, ешқандай қарсылығым жоқ.
«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы ғимаратына жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмысының жайы керемет балақша маған ұнайды.

Шешімі:

1. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларына төлемақы төленуі, мәліметтерінің жинақталуы жолға қойылсын.

3. «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы ғимаратына жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмысының жаңы орындалғанын.

Торайғымы: *Торай* Д.Т. Гәмінсина

Хатшы: *Хат* А.Дауылбай